

Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ
 «Қалалық паллиативтік
 көмек орталығы» КМК-нің
 Байқау кеңесінің хаттамасымен
 Бекітілген № 1
 "14" қаңтар 2026 жыл

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «Қалалық паллиативтік
 көмек орталығы» КМК-нің 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлық құқық
 бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар
 жоспары


№ р/с	Наименование мероприятий	Іс-шаралардың атауы	Орындалу мерзімдері аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы
1	<i>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг</i>			
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де ішкі құжаттарды жаңарту	қажет болған жағдайда жыл ішінде	Құжаттар	комплаенс қызметінің маманы
	Сайтта сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қатысты іс-шараларды қарауға бағытталған бөлімді жаңартып отыру	қажет болған жағдайда жыл ішінде	Сайттағы жаңартылған ақпарат	комплаенс қызметінің маманы
	Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын ақпараттандыру арнасының (сенім телефоны немесе "жедел	жыл бойы	Анықтама (өтініштер болған жағдайда)	комплаенс қызметінің маманы

	желі") мониторингі			
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін кәсіпорын қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу	жылына 2 рет	Талдамалық анықтама	комплаенс қызметінің маманы
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау	тоқсан сайын	Талдамалық анықтама	комплаенс қызметінің маманы
2	<i>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу</i>			
	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу шеңберінде кәсіпорын стендтерінде ақпаратты, көрнекі плакаттарды және т.б. орналастыру және жаңарту	қаңтар	Стендтерде орналастырылған ақпарат	комплаенс қызметінің маманы
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен офлайн немесе онлайн форматта (нақты қызметтік жағдайларға байланысты) семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.	тоқсан сайын	Семинар хаттамалары, корпоративтік веб сайт және WhatsApp орналастырылған ақпарат	комплаенс қызметінің маманы

	Кәсіпорын қызметкерлерін басқа лауазымға тағайындау кезінде және жұмысқа қабылданған сәттен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарымен таныстыру	жыл бойы (жұмысқа қабылдау кезінде)	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқаулық журналы	комплаенс қызметінің маманы
3	<i>«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу</i>			
	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу (қызметтің бағыттары мен функционалдық блоктары бойынша)	кем дегенде бір рет жыл бойы	Талдамалық анықтама	комплаенс қызметінің маманы, жұмыс тобы
	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету	ішкі талдау жүргізілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде	Ішкі талдау жүргізілгеннен кейін орналастыру	комплаенс қызметінің маманы
4	<i>Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған өзге де іс-шаралар</i>			
	Кәсіпорын қызметкерлері мен олардың жұбайларының уәкілетті органға белгіленген нысан бойынша декларациялар беруін қамтамасыз ету	ҚР салық заңнамасында белгіленген мерзімде	Декларацияны тапсыру туралы анықтама	комплаенс қызметінің маманы
	Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жеткізу шарттарын жасасу кезінде контрагенттерді тексеру	жыл бойы	Анықтама анықталған кезде	бухгалтер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман
	Кәсіпорынмен жасалатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа	жыл бойы	Шарттар	бухгалтер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман

қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді сатып алу туралы шарттарға енгізуді қамтамасыз ету			
Жаңадан қабылданған қызметкерлерден сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтаманы сұрау салу	жыл бойы (жұмысқа қабылдау кезінде)	ҚСЖАЕК анықтамасы	кадр бөлімінің маманы
Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу.	болған жағдайда	Анықтама	комплаенс қызметінің маманы
Мамандардың теріс мінез-құлқының әрбір жағдайына талдау жүргізу	болған жағдайда	Анықтама	комплаенс қызметінің маманы
Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты уәкілетті органға ұсыну	тоқсанына 1 рет	Есеп	комплаенс қызметінің маманы

Комплаенс қызметінің маманы



Б.Нусипов